

Особое внимание газета уделяла работе Государственной Думы по вопросам защиты интересов казахского народа.

Также газета высказывалась о существующей тревоге во время начала империалистической войны. Что было обосновано. 25 июня 1916 года издан царский Указ о привлечении казахских джигитов на тыловые работы. Тогда в газете бурно обсуждался вопрос о призыве казахов в армию, отстаивая для них статус казачьих войск.

По событиям 1916 года газета, опасаясь огромных человеческих жертв, предлагала решения конфликтов мирными путями. Таким образом, оттягивая срок призыва казахов на фронт.

Газета «Казах» издавалась в период «кризисного» этапа истории казахского народа и сыграла в ней решающую роль. Она сумела завоевать высокую популярность своей художественной зрелостью, возрождением казахской письменности и речи, особым стилем выражения общенациональных проблем. Ведь, не случайно М. Ауэзов период с 1913 по 1918 г. назвал «эпохой газеты «Казах». Также в 1922 году он в своем открытом письме деятелям культуры («Қазақтағы калам қайраткерлерше. Ашық хат») отметил, что в истории казахского печатного слова не было ни одного издания, за исключением «Казаха», который выполнил бы миссию воспитателя народа, безошибочного определившего свое направление, возвышавшего национальный дух.

Под руководством и редакцией Ахмета Байтурсынова газета «Казах» вызвала огромный отклик в общественном мнении и стала «голосом народа».

Ахмет Байтурсынов доказал, что пресса играет ключевую роль в создании цивилизованной, независимой страны и развитии народа.

Список литературы:

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. - Алматы: Атамұра, 2000. - 768 с.
2. Нуржанов Б.Г., Габитов Т.Х. На пути к культуре мира. - Алматы: Қазақ университеті, 2001. - 344 с.
3. Габитов Т., Муталипов Ж., Кулсариева А. Культурология. - Алматы: Раритет, 2001. - 406 с.
4. Белик А.А. Культурология. Антропологические теории культур. - Астана: Фаир-принт, 1999. - 300 с.
5. Тимошинов В.И. Культурология: Казахстан-Евразия-Восток-Запад: Учебное пособие. - Алматы: Нус, 2007. - 400 с.
6. Нуржанов Б.Г. Культурология. - Алматы: Фолиант, 1994. - 450 с.

«ҰЛТТЫҚ ЖАҢҒЫРУ-ТУҒАН ЖЕР ТҮТАСТЫҒЫ МЕН ЕЛ БОЛАШАҒЫ». АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ОРНЫ

Қарипбекова М.Ж.,

Муханмедина Ж.Т.

*«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
мектеп-гимназиясы» КММ
Қарағанды қ., Қазақстан*

XX ғасырдың басы «Алаш» саяси партиясы құрылып, Алашорда үкіметі өз жұмысын жүргізген кезең болды. Өмірі қысқа болса да, Алаш қозғалысы қазақтың арман-мақсаттарын өз бағдарламаларында көрсете білді. Алаш қозғалысы – бүгінгі тәуелсіздік бастауы, қайнар көзі десек те болады. Алаш арыстарын айтқанда, еске бірден ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға – Ахмет Байтұрсынұлы келеді. Ұлттың ұлы ұстазы, рухани

көсемі Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы мол, сан салалы. Ол – тілші, ұстаз, әдебиеттанушы ғалым, аудармашы, ақын, ел үшін күрескен ердің бірі [1-7].

Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда,
Дедім,-сен де қатарыңнан қалыспа!»

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлтының жүрегінде ерекше орын алған, ұлт мүддесін қасық қаны қалғанша қорғап, отаршылдыққа қарсы күресіп, қазақтың рухын көтеріп, санасын оятқан Алаш көсемі. Өз ұлтының бітім-болмысын жетік біліп, заман құбылыстарын қалам ұшына іліктіріп, қоғам беталысын бейнелеп, қазақтың азаттық жолындағы мүдделерімен еңбектерін ұштастыра білген көсемсөзші. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларында елді оқу-білімге, ілгері ұмтылуға шақырады.

Елімізде тәуелсіздік таңы атқанда Алматы «Жалын» баспасынан Ахмет Байтұрсынұлының «Ақ жол» атты кітабы жарық көрді. Үш мақаламен басталған кітаптың бірінші бөлімі – «өлең сөз» деп аталады. Бұл бөлімге «Қырық мысал», «Маса», «Ер Сайын», «23 жоқтау» атты Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері жинақталды. Әр топтаманың өзіндік ерекшелігі болатын автордың жыр-кіріспелері шығармаларына үлкен мағына береді. Мысалы, үш шумақтан тұратын «Замандастарыма» өлеңі «Қырық мысалға», «Сөз иесінен» атты екі шумақ болып келген өлеңі «Масаға», ал «Жоқтауға» тіл жайындағы автордың алғы сөзі тірек болды. Бұның негізгі мақсаты – оқырманның шығарманың идеясын түсінуіне, қоғам тарихынан хабардар етуіне бағытталған. Ахмет Байтұрсынұлы заманында болған қиыншылықты өзінің шығармалары арқылы халқының санасына жеткізді [3-23].

Іші қаншама құнды дүниелерге толы «Қырық мысал» кітабы орыс ақындарының мысалдарынан аударылған жинақ. Аудармашы А.Байтұрсынұлы шығармасының ең басына делік, «Аққу, шортан, һәм шаян» аудармасын қойып, қазаққа бірінші кезекте мызғымас бірлікті негіз етеді, яғни бұл шығармасы арқылы бірлік жоқ жерде тірліктің де жоқтығын көрсетіп, ынтымақсыз істеген істің жүзеге аспайтындығын тіліне тиек еткен. Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларды тек аударып қана қоймай, әрбір аудармасының соңғы шумақтарына өзінің ойын, сол кездегі халқымыздың тұрмыс-тіршілігін жеткізген. Бұл шығарма арқылы өскелең ұрпақты бір-біріне қамқор, ынтымақшылдықты негіз ететін адами құндылыққа баулиды.

Ақынның мысалдарының тағылымдық, тәрбиелік мәні ерекше. Ынтымақ, бірлікпен қатар, мейірбандық, еңбексүйгіштік, сыпайылық, имандылық, ізгілік, адалдық, жанашырлық сезімдері жырланса, берекесіздік, көрсоқырлық, бөспелік, опасыздық, даңғойлық, тойымсыздық секілді жаман қасиеттер де бейнеленеді.

Аудармамен қатар Ахмет Байтұрсынұлы төл шығармаларын «Маса» деген атпен жинақтап, қазақ халқының бойын өсірмей, ойы жүйріктерді тұншықтырып, халықтың санасын улап жатқан Ресей отаршыларының тығырығынан шығуға жетелейді. Халықты ескі үлгідегі оқудан арашалап, жаңа үлгідегі мектептерде оқуға, мәдениетті уағыздап, өнер-білімге шақыруға, сенгіштікке бой бермей, елдегі өзгерістерге сақтықпен қарауға тырысты.

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиетімізге «23 жоқтау» деп аталатын еңбегін ұсынды. Бұл шығарма арқылы ауыз әдебиетіне қосқан зор үлесін және жоқтау өлеңдері арқылы тарихи тұлғаларды танытудағы еңбегінің жемісін көреміз.

Кітаптың екінші бөлімі – «көсем сөз». Бұл бөлім автордың газет-журнал беттеріне жариялаған әртүрлі мәселелерді қозғайтын маңызы зор, мағынасы терең мақалалардан тұрады. Бұл мақалалардың мазмұны Ахмет ағамыз өзі өмір сүрген замандағы өмірдің әлеуметтік мәселелерді тереңінен қозғап, халқын бір жұдырықтай жұмылдыруға тырысқан ұлтының жанашыры екенін көрсетеді.

«Асыл сөз» - кітаптың үшінші бөлімі. Ахмет Байтұрсынұлының зерттеушілік өнері мен ізденісінің, адал еңбегінің арқасында қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалады.

«Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі» деп ұлыларымыз айтқандай, халықты оятуда Алаш ұлының «Ақ жол» атты кітабыны маңызы зор [2-17].

Бүгінгі өскелең ұрпаққа кемел біліммен толысып, ағартушылық идеяны ұстанған, әдебиетті сөйлеткен, қазақтың ертеңі қалай болар екен деп жүрек түкпіріндегі ойларын қағаз бетіне түсіріп, халыққа шығармаларымен ой тастап, ұлтының болашағы үшін бар қауіп-қатерді жеңуге тырысқан, қазақ келешегі үшін өз өмірін құрбан еткен Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының есімі қазақ халқының маңдайына алтын әріппен ойып тұрып жазылды.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы – Алматы 2017.
2. «Алаш жолы» кітабы - Болатбек Төлепберген
3. «Көсемсөздің көсемі» кітабы - Аманқос Құлтанұлы

XX ҒАСЫР ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ РӨЛІ

*Мұратбек Нұрбол
Сүлейман Демирель атындағы университеттің 2-курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан*

XIX ғасырдың II жартысында патшалық ресейдің үкімімен отарлаушы елдің саяси насихат құралы ретінде «Түркістан уәлаяты» және «Дала уәлаяты» газеттері жарыққа шықты. Бұл басылымдардың әуелгі мақсаты патшалық Ресейдің жыртысын жыртып, жырын жырлап, сойылын соғып, қазақ даласына өз идеологиясын жүргізуді көздегені сөзсіз. Десе де, халқымыздың саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени ой-пікірін қалыптастырып, таным түйсігін оятуға да өз септігін тигізгені анық.

Осылайша басталған қазақ баспасөзінің тарихы XX ғасырдың басындағы күрделі саяси кезеңмен тұспа-тұс келді. 1905-1907 жылдары Ресейде бірінші орыс революциясымен бірге Қазақстанда қарсы қарулы қақтығыстары болмағанымен жұмысшылар мен шаруалардың жекелеген бас көтерулері орын алды. Бірақ ол кейіннен ұлт-азаттық қозғалыстарға ұласты. Осы тұста қазақ халқының басын бір мақсатқа ұйыстырып, бір арнаға тоғыстырып, халықты сауаттандырудың, рухын оятудың маңыздылығы арта түсті. Жалпыұлттық баспасөзге қажеттілік туындаған тұста тарихи жүкті, ұлы жауапкершілікті арқалаған басылымдардың бірі — «Айқап» журналы болса, енді бірі — «Қазақ» газеті болды.

Қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуы тек осы бірнеше газет-журналға тәуелді емес екені түсінікті. Алайда, ұлттық ағарту ісін қолға алып, жалпыхалықтық мәселені айқындап, ұлттық рухымызды серпілткен басылымдар санаулы болды. Ресми түрде ұлттық идеяны насихаттауда үлкен қызмет атқарып, қазақ тарихындағы алғашқы ірі қоғамдық ұйым — ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының төңірегіне ұлт зиялылығын ұйымдастырған «Қазақ» газеті болатын.

М.Әуезов: «Қазақ» газетінің мезгілі қазақ жұрты 1905 жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытына келді... бұл тұтынған жолда «Қазақ» газеті өз міндетін дөп атқарды» [1.21], -деп баға беруі соның айғағы. «Қазақ» газетінің шығу тарихы — оянған сананың, сілкінген ұлттық рухтың көрінісі. Қазақ зиялыларының отаршылыққа қарсы күресінің шежіресі. Осы майданда көз майын тауысып еңбек етіп,